**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

# СӨЖ

Тақырыбы:Музыкалық дидактикалық ойындар
Тобы: ДОВ 15 – 1
Курс: 2
Орындаған: Малгелдиева А. Жаппарова Ф
Тақырыпты тексерген:Абдикеримова П

# МУЗЫКАЛЫҚ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

Музыка сабақтарында дидактикалық ойындарды көркем әдебиеттермен ұштастыру жұмыстары да балаларды тәрбиелеуде маңызы зор.
Көркем әдебиеттерді оқу арқылы оқушылардың эстетикалық адамгершілік қасиеттері дамиды.



Музыкалық дидактикалық ойындардың бірнеше түрлері бар

Дыбыс биіктігін естуге арналған музыкалық – дидактикалық ойындар

Ырғақ сезімдерін дамытуға арналған ойындар

Есте сақтау және естуге рналған ойындар

Тембрлік естуге арналған ойындар

Музыкалық бейнені, қиял мен шығармашылық қабілеттерін ажыратуға арналған ойындар

Диатоника-лық естуге арналған ойындар

ың ой-өрісін, есте сақтау, қабылдау, орындаушылық қабілеттерін арттырады және де музыкаға деген қызығушылықтарын оятады.

музыкалық ойындарды ойнағанда: байсалды, асықпай және көңілді,

Әр ойынды ойнағанда әр баланың шығармашылық бастамасын, ойынды өз бетінше құру және ойлаған ойын іске асыру, өзін ойын желісі мен ережесін сәйкес ұстау қасиетін қалыптастырады

Ойын құру үдерісінде жолдастарына тілектестік қарым-қатынасын, олармен санаса білуді, қиын жағдайларда көмекке келуді, ойын материалын қолдануда келісім жасауды, дауларды әділ шешуді қалыптастырады

С.Рахметова музыка сабақтарында көркем шығармалардың оқушыларды тәрбиелеудегі маңызын жан-жақты талдап көрсетеді:

1.Идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру;
2.Дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру;

3.Балаларды, жас өспірімдер мен үлкендердің үлгілі, ерлік істерімен, еңбектерімен таныстыру арқылы қоғам игілігіне адал ниетпен еңбек етуге, адамгершілікке, бір-бірін сыйлаушылыққа, адалдық пен шыншылдыққа, кішіпейіл болуға тәрбиелеу;

4.Отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты жайлы материалдармен танысу арқылы табиғатта кездесетін өзгерістер мен құбылыстарды байқай біліп, теңдесі жоқ сұлулық пен көркемдікті бағалай білуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу;

5.Балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін онан әрі дамыта түсу;
6. Халықтардың бостандық, бейбітшілік үшін жүргізген қаһармандық күрестерімен таныстыра отырып, Отанды сүю, бейбітшілік пен халықтар достығы рухында қалыптастыру;

7.Саналы тәртіпке, дұрыс мінез-құлық нормаларына үйрету;
8. Еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Музыка сабақтарында дидактикалық ойындарды балаларды жан-жақты тәрбиелеуге негіздеу қажет. Осыған орай музыка сабағында дидактикалық ойындар арқылы меңгерту жұмыстарының мынадай мақсаты болуы керек:

Балаларды ұлттық болмысқа тәрбиелеу

Балаларды ұлттық болмысқа тәрбиелеу. Бұл төмендегі жұмыстар бойынша жүргізіледі:

а) дидактикалық ойындарды ұлттық тәлім-тәрбие көздерімен ұштастыруда жұмбақтарды, мақал-мәтелдерді, халықтың даналық, өсиет сөздерінен оқыту барысында ойындар арқылы кеңінен қолдану;

ә) көркем шығармаларды дидактикалык ойын түрінде беру арқылы оқушылардың ұлттық мәдениет пен әдебиетке дұрыс көзқарасын қалыптастыру;

Ән-күй сабағында музыкалық дидактикалық ойындарды қолданудың мәні өте зор.Әнді орындағанда ойнап айтуға болады.Мысалы, екінші сәби топтарында әнді тірек сызба арқылы және де әнге сәйкес қимыл-қозғалыстар жасап орындауға болады, осы сәтте балалардың ой-өрісі дамып әнді тез жаттап алуларына мүмкіндік тудырады

## «Үш гүл - үш түрлі көңіл күй» ойыны

Ойынның мақсаты: Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу.

Ойынның шарты: Әр балаға үш гүлдің суреті бейнеленген карточкалар беріледі. Гүлдерде күлімсіреге , жылап тұрған және сабырлы адамның кейпі бейнеленген. Балалар шығарманы тыңдап, көңіл күйін аныктап, сәйкес карточканы көрсетеді.

☺ ☹

# «Музыкалық текше»

**Ойын шарты:**

Ән- күй жетекшісі:

Текше кетті айнала
Бере ғой сен досыңа
Текше саған тоқтаса
Сал өнерді ортаға – деп

әндетеді, ал балалалар шеңберде тұрып бір-біріне текшені жібереді, ән аяқталған кезде қай балаға текше келіп тоқтайды, сол бала ортаға өз өнерін салады.

# АҢШЫ ЖӘНЕ ҚОЯНДАР

**Ойын шарты**:

Бір - бір сәбіз ұстаған қояндар музыкамен жерге жатып аунап, аяқтарын тыпырлатып, немесе би қимылдарын жасап секіреді. Сәбіз ұрлап жатқан қояндарды аңшы көріп қалып. Пух! "Пух" - деп атады. Қояндар орындарынан тұрып, жан - жаққа қашады. Музыка тоқтағанда тырп етпей отыра, не жата қалады. Қозғалған қоян айыпты болып, ән немесе би билейді.

# Назарларыңызға рахмет!